

"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 13 маусымдағы № 198 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 маусымда № 36298 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) инвестициялық субсидиялау объектілері – инвестициялық субсидиялау осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес қаржы институтына арнайы шотқа аванстық төлеммен инвестициялық субсидияларды аудару тетігін қолдана отырып, жүзеге асырылатын кредитке/лизингке сатып алынған техника, машина, жабдық;"

16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) қаржы институттары – "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамдастығы (тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар бойынша инвестициялық субсидиялау шеңберінде) (бұдан әрі – "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ), екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар микроқаржы ұйымдары, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес айқындалған сенім білдірілген өкілдер (агенттер);"

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. № 1 (жер учаскелері бойынша ең төменгі норматив болған кезде), № 2, № 4, № 13, № 14 жобалардың паспорттары үшін инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) СМАЖ-ның жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық

жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің (учаскелерінің) тиісті алаңының болуы қажет.

Ауыл шаруашылығы кооперативінен өтінім берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы ескеріледі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелік СМАЖ-ның "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы расталады.

Қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын, мүшелерінің атына жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермер қожалығынан № 1, № 2, № 4, № 13, № 14 жобалардың паспорттары бойынша өтінім берілген жағдайда, сатып алынған, шаруа немесе фермер қожалығының мүшесіне тіркелген техникаға және (немесе) машиналарға субсидия беруге жол беріледі.

Бұл ретте, шаруа немесе фермер қожалығына мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ағымдағы қаржы жылындағы өтінімдер бойынша ағымдағы қаржы жылы жергілікті бюджеттен инвестициялық субсидияларды төлеуге қаражат болған кезде әкімшінің шешімі бойынша мынадай жобалар паспорттары бойынша инвестициялық салымдардың өтеу үлесін ұлғайтуға жол беріледі:

50 (елу) %-ке дейін:

ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін № 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспортты бойынша 2; 13.2; 14; 19; 25; 26; 28; 29; 30; 31; 36; 40; 42-позициялар бойынша;

ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін № 1.1 "Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспортты бойынша 1; 2; 5; 6; 7; 8; 10; 11-позициялар бойынша;

ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін № 8 "Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындау ұйымдары, сүт қабылдау пункттері және сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдықтар мен техника сатып алу" жобасының паспортты бойынша.

Бұл ретте, бір ауыл шаруашылығы кооперативі сатып алынған (сатып алынатын) техникаға, машина мен жабдыққа:

тиісті мөлшерде тіркемелі және аспалы жабдықтары бар үш тракторға;

екі астық жинау комбайнына және тиісті мөлшерде аспалы және тіркемелі жабдыққа;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдауға арналған екі автомобильге және өзі аударғыш тіркемеге дейін инвестициялық субсидиялар ала алады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін техниканың бір бірлігіне (гектар/ірі қара малдың шартты басы) арналған ең төменгі норматив жөніндегі талап қолданылмайды.";

23-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) № 4 жобаның паспорты бойынша қосымша "Су қорын пайдалануды реттеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21194 тіркелген) бекітілген "Арнайы су пайдалануға рұқсат" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес алынған арнайы су пайдалануға рұқсаттың көшірмесі;"

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өтінімді қарау нәтижелері туралы мәліметтер инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жіберіледі және веб-порталда көрсетіледі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оң шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) электрондық нысанда СМАЖ арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялау шартын және осы Қағидаларға 13-қосымшаға инвестициялық субсидиялау объектісін нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімді қалыптастырады және қол қояды, олар инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) қол қою үшін автоматты түрде жіберіледі.

Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органды дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

32, 33, 34, 35, 36, 37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) техниканы, машиналарды, жабдықты кредитке/лизингке жоспарлап сатып алған жағдайда, инвестициялық субсидияларды " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына

немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ға, арнайы шотқа аванстық төлеммен аудару жүзеге асырылады.

Бұл ретте мыналар шеңберінде қаралатын өтінімдер бойынша:

1) № 1, № 1.1, № 2, № 3, № 6, № 8, № 13, № 14 жобаларының паспорттары аясында инвестициялық субсидияларды Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ға, арнайы шотқа аванстық төлеммен аудару тетігін қолданудың орындылығын инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) айқындайды, бұл инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімде көрсетіледі;

2) № 4, № 5, № 7, № 9, № 10, № 12, № 15, № 16, № 17, № 18, № 19, № 20, № 21, № 22, № 23, № 24, № 25, № 26, № 27, № 27.1, № 28, № 29, № 30, № 31 жобалардың паспорттары аясында инвестициялық субсидияларды Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ға, арнайы шотқа аванстық төлеммен аудару тетігін қолданудың орындылығын жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) айқындайды.

33. Инвестициялық субсидияларды арнайы шотқа алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) арнайы шотқа аванстық төлеммен аудару тетігін қолдана отырып, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінім береді және қосымша Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ, куәландырған Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтының немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің көшірмесін қоса береді.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтінімін мақұлдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші), Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе

"Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ және инвестор (көрсетілетін қызметті алушының) арасында осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтының немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтының немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамының арнайы шоттағы инвестициялық субсидияларды пайдаланбауы туралы үшжақты шарт және келісім жасалады.

Бұл ретте Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ осы Қағидалардың 34 немесе 35-тармақтарында көрсетілген шарттар уақытында орындалғанға дейін арнайы шотқа алынған инвестициялық субсидиялар қаражатын пайдаланбайды.

34. Кредит беру арқылы инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) қаржыландырылған жағдайда, Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арнайы шотқа инвестициялық субсидиялар алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) кредит беруді жүзеге асырады және растайтын құжаттарды, кредиттік шарттың көшірмесін жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынады.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтының немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы қаржы институтының немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ның арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы үшжақты шартқа және келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 360 (үш жүз алпыс) күннен аспайтын мерзімде сатып алушы мен жеткізуші арасындағы техниканы, машиналар мен жабдықты қабылдау-тапсыру актісінің және кредиттік шартқа қосымша келісімнің (бар болса) көшірмелерін қоса бере отырып, инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) техниканы, машиналар және (немесе) жабдықтарды жеткізудің аяқталғаны туралы хабарламаны және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік шартқа қосымша келісім (бар болса) және инвестициялық

субсидиялау объектісін нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімді жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) жібереді.

Бұл ретте Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талаптар орындалғанға дейін арнайы шоттағы қаражатты пайдалана алмайды.

Кредиттік шарт бойынша түпкілікті сома іс жүзінде субсидиялау шартында көрсетілгеннен кем болған инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидияларды қайта есептеуді жүзеге асырады, айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) анықтайды және 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ға жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп айырысу шотына айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жұмыс органынан (көрсетілетін қызметті берушіден) хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп айырысу шотына хабарламада көрсетілген мөлшердегі қаражатты қайтарады.

Кредиттік шарт бойынша түпкілікті сома субсидияларды есептеу үшін іс жүзінде рұқсат етілген ең жоғары құннан асатын инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша субсидияларды қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

35. Техниканы, машиналар және (немесе) жабдықтарды лизингке беру жолымен инвестор қаржыландырылған жағдайда, Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) оң шешімінің көшірмесін және арнайы шотқа қаражатты алған

күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде егер инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) мен Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, онда қаржы лизингі шартында көзделген қаражатты инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) шотына аударады және жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) растайтын құжаттарды, сондай-ақ қаржы лизингі шартының көшірмесін ұсынады.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ арнайы шотқа қаражат келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен аспайтын мерзімде жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) лизинг нысанасын қабылдау-тапсыру актісін және лизинг нысанасының түпкілікті құнын айқындау жөніндегі лизинг шартына қосымша келісімді қоса бере отырып, инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) техниканы, машиналарды және (немесе) жабдықты жеткізудің аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

Бұл ретте Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген талаптар орындалғанға дейін арнайы шоттағы қаражатты пайдалана алмайды.

Лизинг нысанасының түпкілікті құны іс жүзінде субсидиялау шартында көрсетілгеннен кем болған инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидияларды қайта есептеуді жүзеге асырады, айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) анықтайды және 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтына немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтына немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ға жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп айырысу шотына айырма сомасын (арнайы шотқа артық аударылған қаражатты) қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк

операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жұмыс органынан (көрсетілетін қызметті берушіден) хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) есеп шотына хабарламада көрсетілген мөлшердегі қаражатты қайтарады.

Лизинг нысанасының түпкілікті құны субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілген құннан асатын инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімдері бойынша субсидияларды қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

36. Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ осы Қағидалардың 34-тармағында (инвесторды (көрсетілетін қызметті алушыны) кредит беру жолымен қаржыландырған кезде) немесе осы Қағидалардың 35-тармағында (инвесторды (көрсетілетін қызметті алушыны) техниканы, машиналары және (немесе) жабдықты лизингке беру жолымен қаржыландырған кезде) көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, онда Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) арнайы шотқа аударған қаражатты толық көлемде қайтарады. Бұл ретте ағымдағы қаржы жылы жүргізілген төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар сыныптауышының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) кассалық шығыстарын қалпына келтіре отырып, жүзеге асырылады. Өткен жылдардағы төлемдер қайтарылған жағдайда, қайтару сомасы төлемақы жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

37. Арнайы шотқа аударылған қаражатты Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институты немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институты немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) инвестициялық субсидия беру туралы оң шешімінің негізінде инвестициялық жоба шеңберінде техниканы, машиналар мен жабдықты сатып алуға пайдаланылған кредит/лизинг бойынша инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) негізгі борышын өтеу есебіне аударады.

38. Инвестициялық субсидиялау мониторингін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) субсидиялау сәтітен бастап 3 (үш) жыл ішінде СМАЖ-да мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырады:

1) тоқсан сайын инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) сатып алынған техниканы, машиналар мен жабдықтарды иеліктен шығармауы және нысаналы пайдалануы тұрғысынан;

2) № 7, № 8 (сүт өңдеу зауыты бойынша), № 10, №18, №19, № 24, № 25, № 26, № 27, № 27.1, № 28, № 29 жобаларының паспорттары бойынша: инвестициялық субсидиялау объектісінің пайдалануға берілген сәтінен бастап жылына кемінде 1 (бір) рет жұмыс істеуі/істемеуі, инвестициялық субсидиялау объектісінің бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 50 (елу) % мөлшерінде жобалық қуатқа шығуға қол жеткізуі/қол жеткізбеуі тұрғысынан;

3) осы Қағидалардың 3-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес жылына кемінде 1 (бір) рет құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобалар бойынша бизнес-жоспарға сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді орындау тұрғысынан;

4) жылына кемінде 1 (бір) рет субсидияларды аванстық төлеммен арнайы шотқа аудару жөніндегі тетік шеңберінде субсидияланған объектілерді пайдалануға беру (бизнес-жоспарда көрсетілген мерзімдерде), иеліктен шығармауы және мақсатты пайдалануы тұрғысынан;

5) субсидия берілгеннен кейін жылына кемінде 1 (бір) рет инвестордың қызметі түрінің негізгі немесе қайталама қызмет түрі тиісті қызметтің экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (ЭҚЖЖ) бөлімдеріне жататын ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге және (немесе) қайта өңдеуге сәйкестігі тұрғысынан;

6) жылына кемінде 1 (бір) рет қаржы институтының Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтының немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтының немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ-ның арнайы шоттағы инвестициялық субсидияларды пайдаланбауы туралы шарт және келісімді орындауы бойынша.";

2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

14-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Құрылыс және өнеркәсіп министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 маусымдағы

№ 198 бұйрығына
1-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік
кешен субъектісі шеккен
шығыстардың бір бөлігін
өтеу бойынша субсидиялау
қағидаларына
2-қосымша

Жобалар паспортының тізбесі

1	Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдыктарын сатып алу
1.1	Басымды ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдыктарын сатып алу
1.2	Аспалы және тіркемелі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу жобасының паспорты
2	Селекциялық-тұқым шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу
3	Тұқым тазарту-сұрыптау жабдығын сатып алу
4	Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен (кұдықтар, ұңғымалар) қамтамасыз ету
5	Малды бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту
6	Сүтті бағыттағы ірі қара мал/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту
7	Мал союға және ет өңдеуге арналған объектілерді құру және кеңейту
8	Сүт өңдеу объектісін құру және кеңейту, сүт қабылдау пункттерін құру, ауыл шаруашылығы кооперативтері, дайындаушы ұйымдары, сүт қабылдау пункттері мен сүт өңдеу кәсіпорындары үшін жабдық пен техника сатып алу
9	Жүн дайындау пунктіне арналған жабдық сатып алу
10	Ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу кәсіпорындарын құру және кеңейту
12	Жылыжай кешенін салу және кеңейту
13	5 гектардан басталатын қарқынды алма бағын отырғызу
14	5 гектардан басталатын жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу
15	Қуаты жылына 5 мың тоннадан басталатын құс етін өндіруге арналған объектілерді құру және кеңейту
16	Алу және өсіру қуаты 1200 бас будан мегежіндерден басталатын селекциялық-будандық орталық құру
17	Қуаты 1000 бас мегежіннен басталатын шошқа өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту

18	Құрамажем зауытын салу
19	Тәулігіне 50 тонна құс саңғырығын өңдеуге арналған техника мен жабдықтар сатып алу
20	Жұмыртқалы және етті бағыттағы құс шаруашылығында асыл тұқымдық репродуктор құру және кеңейту
21	Астық сақтау орындарын салу және кеңейту
22	1 000 тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту
23	1 000 тоннадан басталатын жеміс сақтау орындарын салу және кеңейту
24	Жемістер/көкөністер/бақша дақылдарын өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту
25	Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу
26	Май-тоңмай өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту
27	Дәнді дақылдардың өңделген өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту
27.1	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін тереңдете өңдеу жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту
28	Қант өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту
29	Қуаты жылына 2 000 тонна өнімнен басталатын нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды кеңейту
30	Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайта отырып жұмыртқалы құс фабрикаларын кеңейту
31	Топырақты талдау жөніндегі агрохимиялық зертханалар үшін жабдық сатып алу
32	Тауық жұмыртқасын өңдеу зауытын құру және кеңейту

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 маусымдағы
№ 198 бұйрығына
2-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік
кешен субъектісі шеккен
шығыстардың бір бөлігін
өтеу бойынша субсидиялау
қағидаларына
3-қосымша

Субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының тізбесі

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алу" жобасының паспорты				

P/c №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі %	Техниканың бір бірлігіне арналған ең төменгі норматив , гектар/ірі қара малдың шартты басы	Техника/машиналар /жабдықтар бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін құн, құма метр, теңге
1	Тіркемелі қызылша жинайтын комбайн:	50 %		159 964 000
1.1	өздігінен жүретін	50 %		457 733 000
2	Шынжыр табанды жүрісте 80 ат күшінен (қоса алғанда) күріш жинайтын комбайн	25 %		18 000 000
3	Қуаты 201 (қоса есептегенде) ат күшінен басталатын мақта жинайтын комбайн:	25 %		135 667 000
4	Сәбіз жинайтын комбайн:			
4.1	аспалы	25 %		21 368 000
4.2	жартылай аспалы	25 %		55 644 000
4.3	бір қатарлы тіркемелі	25 %		47 602 000
4.4	екі қатарлы (үш қатарлы) тіркемелі	25 %		157 114 000
5	Қырыққабат жинайтын комбайн:			
5.1	аспалы	25 %		12 500 000
5.2	тіркемелі	25 %		11 000 000
6	Пияз жинайтын комбайн:			
6.1	жартылай аспалы	25 %		53 099 000
6.2	тіркемелі	25 %		5 000 000
6.3	жартылай тіркемелі	25 %		12 400 000
7	Картоп жинайтын комбайн			
7.1	тіркемелі	25 %		148 511 000
7.2	өздігінен жүретін	25 %		330 762 000
8	Қызанақ жинайтын комбайн	25 %		85 000 000
9	Жүгері жинауға арналған айлабұйым	25 %		7 000 000
10	Тамыр жинайтын машина (қазушы)	50 %		4 700 000
11	Сабақ жинайтын машина	50 %		25 211 000

12	Жидек дақылдарын жинауға арналған өздігінен жүретін комбайн	25 %		71 300 000
13	Сепкіш:			
13.1	қызылша себетін	50 %		37 667 000
13.2	көкөніс себетін	25 %		32 299 000
13.3	мақта себетін	25 %		2 400 000
14	Картоп отырғызғыш	25 %		30 609 000
15	Тұқым дәрілегіш	25 %		2 000 000
16	Астық тиегіш	25 %		1 200 000
17	Астық лақтырғыш	25 %		4 764 000
18	Тіркемелі астық жинақтағыш бункер	25 %		76 917 000
19	Дән аршушы	25 %		10 000 000
20	Егістерді жоспарлауға арналған жабдық			
20.1	лазерлі жоспарлауыш	25 %		14 438 000
20.2	скрепер-жоспарлауыш	25 %		25 813 000
21	Тіркеме/аспалы орақ: роторлы	25 %		93 322 000
22	Тең тасымалдаушы тіркеме	25 %		10 200 000
23	Ірі азықты майдалағыш	25 %		13 133 000
24	Өздігінен жүретін дестелегіш, өздігінен жүретін шөп шапқыш	25 %		49 000 000
24.1	азық жинайтын дестелегіш	25 %		39 500 000
25	Жал түзгіш, жал салушы	25 %		4 000 000
26	Шырынды азық тасуға арналған тіркеме	25 %		4 800 000
27	Телескоптық тиегіш	25 %	500 гектардан бастап/ 50 бастан бастап	58 810 000
28	Шөмішінің сыйымдылығы 1,8 текше метрге дейін фронтальді тиегіш	15 %	500 гектардан бастап/ 50 бастан бастап	16 189 000
	А у ы л шаруашылығы өніміне арналған			

29	кептіргіш (жылжымалы астық кептіргіш) тәулігіне 49-145 тоннадан (қоса есептегенде)	25 %		29 569 000
30	Тыңайтқыш енгізуге арналған машина (тіркемелі):			
30.1	с ұ й ы қ тыңайтқыштар	25 %		10 900 000
30.2	қатты тыңайтқыштар			
30.2.1	жүккөтергіштігі 10 (қоса есептегенде) тоннаға дейін	25 %		9 415 000
30.2.2	жүккөтергіштігі 10,1-ден 25,0 (қоса есептегенде) тоннаға дейін	25 %		25 275 000
30.2.3	жүккөтергіштігі 25,1 (қоса есептегенде) тоннаға дейін	25 %		84 159 000
31	Тас жинайтын машина	25 %		5 100 000
32	А у ы л шаруашылығы және өзге де инертті жүктерді тасымалдауға арналған, екі жағынан немесе үш жағынан өздігінен аударғыш платформасы бар, қозғалтқыш көлемі 10,90 литрден 15,0 литрге дейін, доңғалақ формуласы 6х4 өздігінен аударғыш автомобиль**	25 %		32 500 000
33	А у ы л шаруашылығы және өзге инертті жүктерді тасымалдауға арналған, толық салмағы 16000 килограмнан аспайтын, қосдөңгелекті шиналауы, екі жағынан өздігінен			6 000 000

	аударғыш платформасы бар тіркеме**	25 %		
34	Азық таратқыш/ а з ы қ таратқыш-майдалағ ыш/майдалағыш (сыйымдылығы кемінде 2,2 текше метр)	25 %		13 800 000
35	Дән уатқыш/ жаныштағыш	25 %		300 000
36	Картоп қазғыш	25 %		30 820 000
37	Бактың көлемі 600 литр және одан да көп қатарлар арасындағы гербицидтік құбыр* **	25 %		2 609 000
38	Көлемі 2000 литр бак бүріккіші***	25 %		4 128 000
39	2 дискісі бар ашуға/ жабуға арналған отырғызғыш***	25 %		2 322 000
40	Қазатын соқа***	25 %		1 300 000
41	Тарақ құраушы фреза	25 %		11 000 000
42	Жайылымдарға арналған қоршау (электр шопан генераторы, төмендететін трансформатор, оқшаулағыштар, кемінде 2 қатар сым)****	25 %	50 бастан бастап	400
43	Шөп тасымалдаушы тіркеме	25 %		4 000 000
44	Пилотсыз әуе кемесі (ПӘК) көпфункционалды ауыл шаруашылығы (пестицидтерді бұрку, тұқымдарды, тыңайтқыштарды тарату және т. б. үшін)	25 %		8 700 000
45	Желдеткіш бүріккіш			

45.1	аспалы, ені 20-100 метр	25%		1 800 000
45.2	тіркемелі, ені 20-100 метр	25%		6 800 000
46	А у ы л шаруашылығы жерлерін киіктердің таптауынан қорғауға арналған топсалы тор*****	50%	1 погон метрі	700
47	А у ы л шаруашылығы жерлерін киіктерден қорғау үшін топсалы торды бекітуге арналған бағандар (металл немесе бетон).*****	50%	1 бірлік	3 750

Ескертпе:

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдау үшін автомобиль сатып алған жағдайда, кемінде 120 гектар алаңда жер болуы қажет;

** 32, 33-позициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

*** жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызу үшін сатып алынған техника субсидияланады.

**** жайылымдарға арналған қоршаудың ең жоғарғы рұқсат етілген құны 1000 гектарға 16 миллион теңгеден аспауға тиіс. Өздігінен жүретін техника мен машиналардың субсидиясын есептеу үшін 1 және 1.1 паспорттар жобасында техниканы, машинаны және (немесе) жабдықты сатып алуды растайтын құжатта көрсетілген қозғалтқыштың номиналды қуаты пайдаланылады.

***** 46, 47-позициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады. Тор сымының диаметрі кемінде 2,5 миллиметр, тордың биіктігі кемінде 1,6 метр.

Тор ұяшықтарының өлшемдері: ені 100 миллиметрден аспайды, биіктігі 75 миллиметрден аспайды.

Бағаналар арасындағы қашықтық 3-5 метрден аспайды.

№ 1.1 "Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдыктарын сатып алу" * жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 30 %		
Р/с №	Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдыктарының атауы және техникалық сипаттамасы	Техника, машина, құралдар мен жабдыктар, метр бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
1	трактор (доңғалақты):	
1.1	қуаты 59 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	7 500 000
1.2	қуаты 60-тан 84 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	12 000 000
1.3	қуаты 85-тен 129 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	14 900 000
1.4	қуаты 130-дан 140 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	21 600 000

1.5	қуаты 141-ден 160 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	32 700 000
1.6	қуаты 161-ден 180 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	36 300 000
1.7	қуаты 181-ден 300 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	54 800 000
1.8	қуаты 301-ден 430 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	108 850 000
1.9	қуаты 431-ден 539 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	181 685 000
1.10	қуаты 540 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап	351 100 000
2	трактор (доңғалақты): PowerTech™ қозғалтқышымен және/немесе JDLINK™ телематика жүйесімен және/немесе autotrac™навигациялық жүйесімен	
2.1	қуаты 129 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	55 500 000
2.2	қуаты 130-тан 150 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	103 500 000
2.3	қуаты 151-тен 220 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	183 800 000
2.4	қуаты 221-дан 279 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	294 700 000
2.5	қуаты 280-ден 430 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	441 500 000
2.6	қуаты 431 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап	540 600 000
3	трактор (шынжыр табанды):	
3.1	қуаты 201-ден 400 ат күшіне дейін	60 100 000
4	трактор (шынжыр табанды): PowerTech™ қозғалтқышы, JDLINK™ телематика жүйесі, autotrac™навигациялық жүйесі бар	
4.1	қуаты 539 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	554 300 000
4.2	қуаты 540 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап	681 400 000
5	астық жинайтын комбайн**:	
5.1	қуаты 249 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	87 100 000
5.2	қуаты 250-ден 299 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	123 125 000
5.3	қуаты 300-ден 359 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	141 600 000
5.4	қуаты 360 (қоса есептегенде) ат күшіне бастап	169 450 000
6	астық жинайтын комбайн**.:PowerTech™ қозғалтқышы және/немесе JDLINK™ телематика жүйесі және/немесе autotrac™навигациялық жүйесі бар	

6.1	қуаты 299 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	175 000 000
6.2	қуаты 300-ден 449 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	434 100 000
6.3	қуаты 450 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап	672 400 000
7	сүрлем жинайтын (азық жинайтын) комбайн:	
7.1	қуаты 200-ден 449 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	68 000 000
8	сүрлем жинайтын (азық жинайтын) комбайн: PowerTech™ қозғалтқышымен және JDLINK™ Телематика жүйесімен, dura Line™ технологиясымен өткізу жолының компоненттерімен.	
8.1	қуаты 500 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	449 500 000
8.2	қуаты 501 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап	569 500 000
9	Мақта жинайтын комбайн: POWERTECH™ қозғалтқышы және JDLINK™ Телематика жүйесі бар, pro12 немесе MR16 немесе MR12 мақта жинайтын қатарлы элементтері бар	
9.1	қуаты 500 (қоса есептегенде) ат күшіне дейін	631 800 000
9.2	қуаты 501 (қоса есептегенде) ат күшінен бастап (Powertech™ қозғалтқышымен және JDLINK™ Телематика жүйесімен, MR16 мақта жинайтын қатар элементтері және tamawgar+™ пленкасымен қапталған орамдарға салынған мақта және орау автоматты камерасы және Cotton Pro (HID, Cotton Pro) орау процесін бақылау жүйесі бар, CommandCenter™ G5Plus басқару мониторы бар, жолдарда Автоматты жүргізу функциясы бар AutoTrac™ RowSense™	1 127 000 000
10	сепкіш:	
10.1	дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды егуге арналған	2 660 000
10.2	пневматикалық/егіс кешені:	
10.2.1	қамту ені 15 метрге дейін	135 443 000
10.2.2	қамту ені 15,1 метрден бастап	186 914 000
11	сепкіш: TruPosition™ ашқыш тіректері немесе ConservaPak™ ашқышы немесе proseries™ ашқышы бар, relativeflow™ ұрық сымын соғуды бақылау жүйесі. Пластмассадан жасалған тұқым бункері, конвейерлік конвейер түрі, мөлшерлеу себу катушкалары бар себу аппараты	
11.1	пневматикалық/егіс кешені:	

11.1.1	қамту ені 15 метрге дейін	572 600 000
11.1.2	қамту ені 15,1 метрден бастап	786 550 000
11.2	Proseries™ қос дискілі вомер немесе вомер, аралас тұқым және тыңайтқыш бункері бар механикалық астық сепкіш	164 700 000
11.3	MaxEmerge немесе ExactEmerge себу секциясы бар дәл себу сепкіші	
11.3.1	24 қатарға дейін (қоса алғанда)	385 300 000
11.3.2	24 қатардан жоғары	872 500 000
12	ауыл шаруашылығы өніміне арналған кептіргіш:	
12.1	сағатына 20 (қоса есептегенде) тоннаға дейін	40 850 000
12.2	сағатына 20,1-40 (қоса есептегенде) тоннадан бастап	95 000 000
12.3	сағатына 40,1 тоннадан жоғары	117 000 000
13	тұқым және астық тазалауға арналған машиналар:	
13.1	Сағатына 150 тоннаға дейін астықты алдын ала тазартатын машина	5 346 000
13.2	Барабан түріндегі астықты бастапқы тазалау машинасы сағатына 60 тоннаға дейін	12 450 000
13.3	Сағатына 40 тан 60 тоннаға дейін жалпақ торлы диірмендері бар астықты бастапқы және қайталама тазарту машинасы	17 500 000
13.4	Сағатына 60 тан 120 тоннаға дейін жалпақ торлы диірмендері бар астықты бастапқы және қайталама тазарту машинасы	25 850 000
14	Астық конвейері:	
14.1	таспалы астық конвейері, өнімділігі сағатына 100-ден 200 тоннаға дейін	11 156 000
14.2	қырғышты астық конвейері, өнімділігі сағатына 100-ден 200 тоннаға дейін	9 183 200
15	Нория (элеватор) астық, өнімділігі сағатына 50-ден 200 тоннаға дейін	15 491 840
16	Аэродинамикалық сұрыптау машинасы, өнімділігі сағатына 10-нан 30 тоннаға дейін	6 000 000
17	Пневматикалық сұрыптау үстелі, өнімділігі сағатына 10 тоннаға дейін	28 450 000
18	Бұрандалы конвейер өнімділігі 60 тонна / сағ ұзындығы 8 м	2 100 000

19	Триер блогы, өнімділігі сағатына 8 -ден 12 тоннаға дейін	10 250 000
20	соқа (үш және одан да көп корпусы):	
20.1	қамту ені 2 метрге дейін	1 274 000
20.2	қамту ені 2,1-4 метр	3 080 000
20.3	қамту ені 4,1 метрден бастап	7 300 000
21	дискілі/ротациялы тырма:	
21.1	қамту ені 6 метрге дейін	9 167 000
21.2	қамту ені 6,1 метрден бастап	12 134 000
22	серіппелі тырма	20 000 000
23	тісті тырма:	
23.1	қамту ені 20 метрге дейін	12 079 000
23.2	қамту ені 20,1 метрден бастап	19 475 000
24	сақиналы-тепкілі топырақтаптығыш/ тегіс су құйылатын тісті топырақтаптығыш	15 675 000
25	қопсытқыш:	
25.1	қамту ені 4,9 метрге дейін	1 950 000
25.2	Қамту ені 5-9,9 метр	18 269 000
25.3	Қамту ені 10 метрден бастап	15 101 000
26	TruPosition™ тіректері бар қопсытқыш және Walk-Over рельефін көшіруге арналған тандемдік дөңгелектер және (немесе) бір нүктеде тереңдікті реттейтін жалғыз нүкте	
26.1	қамту ені 4,9 метрге дейін	75 500 000
26.2	Қамту ені 5-9,9 метр	177 000 000
26.3	Қамту ені 10 метрден бастап	278 505 000
27	топырақ өңдейтін агрегат, құрамалы құрал:	
27.1	Қамту ені 4,9 метрге дейін	5 972 000
27.2	Қамту ені 5 метр бастап	22 145 000
28	тіркемелі/аспалы дестелегіш:	
28.1	дестелегіш 8,9 метрге дейін	12 767 000
28.2	дестелегіш 9 метрден бастап	31 865 000
29	тіркеме/топсалы орақ: dial-a-Speed Автоматты жылдамдықты орауыш жүйесімен және/немесе Active Header Control/HydroFlex/Active Header Float рельефті көшіру жүйесімен композиттік саусақ орағышымен және / немесе с	
29.1	дестелегіш 7 метрге дейін	44 600 000
29.2	дестелегіш 7,1 ден 8,9 метрге дейін	58 600 000
29.3	дестелегіш 9 ден 12,9 метрге дейін	104 358 000
29.4	дестелегіш 13 метрден бастап	174 300 000
30	комбайнға платформа подборщик	4 300 000
	биіктікті басқаруды басқаратын комбайнға арналған таңдау	

31	платформасы-НСU / АНС рельефті көшіру жүйесі, пластикалық жинау таспасының саусақтары, dial-a-Speed Автоматты таспа жылдамдығы жүйесі және / немесе fieldglide амортизация жүйесі	52 000 000
32	қопсытқыш:	
32.1	Қамту ені 4,9 метрге дейін	3 243 000
32.2	Қамту ені 5 метрден бастап	10 359 000
33	TruSet™ тереңдікті бақылау технологиясы және (немесе) single Roint бір нүктесінде тереңдікті реттейтін Риппер	
33.1	Қамту ені 4,9 метрге дейін	119 900 000
33.2	Қамту ені 5 метрден бастап	185 110 000
34	саңылау салғыш	10 949 000
35	қопсытқыш тырнауыштар	1 215 000
36	көлденең гидравликалық тырнауыштар:	
36.1	Қамту ені 9,9 метрге дейін	1 078 000
36.2	Қамту ені 10 метрден бастап	1 948 000
37	қар, ролик жасаушы, ролик төсеуші	9 500 000
38	тракторға арналған құрамалы әмбебап аспа	2 008 000
38.1	айыр	498 000
38.2	шөміш	375 000
38.3	жалдағыш	823 000
39	трактор тіркемесі:	
39.1	жүк көтергіштігі 6 тоннаға дейін	4 350 000
39.2	жүк көтергіштігі 6,1 тоннадан бастап	9 445 000
40	пресс-жинауыш:	
40.1	орамалы	4 450 000
40.2	бума	6 900 000
41	autotrac™ функциясымен жабдыкталған тракторлармен үйлесімді пресс-жинағыш	
41.1	MaxiCut НС алдын ала ұнтақтау жүйесі 2,2 м немесе стандартты 1,79 м жинағышы бар бекітілген престеу камерасы бар орам	45 330 000
41.2	тыюсуды реттеу жүйесі бар бума, тораптарды майлаудың орталықтандырылған жүйесі; тораптарды тазартатын желдеткіш	31 240 000
	жасыл жем үшін (сүрлем, пішендеме үшін): пленкамен оралған және В-Wrap	

41.3	консерванттарын енгізген, өлшеу және ылғалдылықты өлшеу жүйесі және CommandCenter жұмыс параметрлерін бақылау жүйесі, CoverEdge бірегей байлау жүйесі	100 070 000
42	шөп шапқыштар, шөпшапқы-жаныштауыш:	
42.1	қамту ені 3,9 метрге дейін	1 738 000
42.2	қамту ені 4-5,9 метр	1 593 000
42.3	қамту ені 6 метрден бастап	2 793 000
43	AutoTrac™ навигациялық жүйесі, dial-a-Speed Автоматты жылдамдық мотор жүйесі, үстелдерді жылжыту жүйесі және таспаларды автоматты түрде кері айналдыру жүйесі бар өздігінен жүретін шөп шабатын машиналар	276 920 000
44	бүріккіш:	
44.1	тіркемелі	14 103 000
44.2	өздігінен жүретін:	
44.2.1	сыйымдылығы 1501-2400 литр	53 989 000
44.2.2	сыйымдылығы 2401 литрден бастап	90 623 000
44.3	бүріккіш жабдық жиынтығы (көліктік шассиге орнату үшін)	25 310 000
45	бүріккіш:	
Биогаз қондырғысы:		
Биогаз қондырғысы	тәулігіне 1 тонна саңғырық өңдеу	11 600 000
Қайта өңдеудің барлық тәсілдеріне арналған техника мен жабдықтар:		
Шашқыш	1 бірлік	25 000 000
Тыңайтқыштарды буып-түю және орау жабдықтары	тәулігіне 1 тонна	666 670

№ 20 "Жұмыртқалы және етті бағыттағы құс шаруашылығында асыл тұқымдық репродуктор құру және кеңейту" жобасының паспорты			
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі - 40%			
Р/с №	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
Құрылыс-монтаждау жұмыстары:			
1.1	Ата-тектік/ата-енелік табынның құс қорасы	1 шаршы метр	208 000

1.2	Құс басын толықтырушы балапанның құс қорасы		156 000
1.3	"Мал шаруашылығының, құс шаруашылығының және аң шаруашылығының ғимараттары мен үй-жайлары" ҚР ҚНЖЕ 3.02-11 17.1.2 және 17.1.3 -тармақтарына сәйкес жобалық-сметалық құжаттамада көзделген ветеринариялық объектілер кешені		200 000
1.4	Сою цехының ғимараты (инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) қолданыста объекісі болған немесе құс сою бойынша жасалған аутсорсинг шарты болған жағдайда міндетті емес)		123 000
1.5	Инкубаторий (репродуктор инкубациялық жұмыртқаны өндіруге және сатуға мамандандырылған жағдайда міндетті емес)		162 000
2	Жабдық:		
2.1	Құс басын толықтырушы балапанды өсіруге арналған едендік жабдықтар (суару, азықтандыру, жылыту, желдету, жарықтандыру, сумен жабдықтау жүйесі)	бір құс орнына	25 000
2.2	Құс басын толықтырушы балапанды өсіруге арналған торлы жабдықтар (суару, азықтандыру, жылыту, желдету, жарықтандыру, сумен жабдықтау жүйесі)	бір құс орнына	42 500
2.3	Ата-тектік/ата-енелік табынды күтіп-бағуға арналған едендік жабдық (жұмыртқа жинау жүйесі, суару, азықтандыру жүйесі, жылыту жүйесі, желдету, жарықтандыру, сумен жабдықтау)	бір құс орнына	42 500

2.4	Ата-тектік/ата-енелік табынды күтіп-бағуға арналған клеткалық жабдық (жұмыртқа жинау жүйесі, суару, азықтандыру жүйесі, жылыту жүйесі, желдету, жарықтандыру, сумен жабдықтау)	бір құс орнына	35 000
3	Кәдеге жарату жабдығы - Крематорий	1 бірлік	12 500 000
4	Инкубаторға арналған жабдық	жұмыртқа орны	8 800
5	Сою цехына арналған жабдық	1 бірлік	53 000 000
6	Техника:		
6.1	Азық тасығыш	1 бірлік	35 000 000
6.2	Балапан тасығыш		40 000 000
6.3	Жұмыртқа тасығыш рефрижератор		15 000 000
6.4	Ашалы электрлі жүктегіш/дизелді ашалы тиегіш		12 500 000
6.5	Шағын тиегіш		8 000 000
6.6	Фронтальді тиегіш		5 600 000
6.7	Жылжымалы дезинфекциялық қондырғы		12 000 000
7	Дизельді электр станциясы/дизельді генераторлы қондырғы	1 бірлік	22 000 000
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады.			

№ 21 "Астық сақтау орындарын салу және кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтардың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
Астықты қабылдау, өңдеу, тазалау, өңдеу, кептіру, сақтау, ішкі орнын ауыстыру және тиеу операцияларын қамтамасыз ететін жабдығы бар, майлы дақылдарға арналған, сақтау орны 5000 тоннадан басталатын астық қоймасын кеңейту.	1 тонна	20 137

Астықты қабылдау, өңдеу, тазалау, өңдеу, кептіру, сақтау, ішкі орнын ауыстыру және тиеу операцияларын қамтамасыз ететін жабдығы бар, бірақ 10 000 тоннадан аспайтын астық қоймасын салу	1 тонна	33 800
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-металық құжаттамаға сәйкес анықталады. Егер жоба жобалау-металық құжаттаманы әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдықты сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жабдықты жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілесіп құжаттар (жүк-кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялауға жол беріледі.		

№ 22 "1 000 тоннадан басталатын картоп-көкөніс сақтау орындарын салу, кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі: - тоңазытқыш жабдықпен - 50%; - желдету жабдығымен - 40%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат немесе машина/жабдықтар бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
Картоп-көкөніс сақтау қоймасында мыналар болуы тиіс: тоңазыту жабдығы (қажет болған жағдайда), желдету жабдығы, қойма техникасы. Инвестициялық жобаның құны жобалау-металық құжаттамаға сәйкес айқындалады:	1 тонна	
құрылыс		85 225
кеңейту		42 613
Рефрижератор (жеміс-көкөніс өнімдерін тасымалдауға арналған тоңазытқыш жабдығы бар автомашина) жүк көтергіштігі 20 тоннадан бастап: ершікті тартқыш**	1 бірлік	52 841 071
Автокар (ашалы тиегіш)**	1 бірлік	5 091 426
пластикалық контейнерлер***	1 бірлік	50 000
* Аралас климаттық-бақылау үшін (тоңазытқыш жабдықпен және желдету жабдығымен) инвестициялық салымдарды өтеу үлесі 40% құрайды. ** 1500 тонна сақтауға арналған 3 бірлік норма бойынша субсидияланады. *** Бір контейнердің сыйымдылығы 200 килограмм және одан жоғары. 1 тонна сақтауға арналған 3 бірлік пластик контейнерден асырмай субсидияланады.		
Инвестициялық жобаның құны жобалау-металық құжаттамаға сәйкес анықталады. Егер жоба жобалау-металық құжаттаманы әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдықты сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жабдықты		

жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялауға жол беріледі.

№ 23 "1 000 тоннадан басталатын жеміс сақтау орындарын салу және кеңейту*" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 40%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат немесе машина/жабдықтар бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн , теңге
Реттелетін газды ортасы жоқ жеміс қоймасында мыналар болуы тиіс: желдету жабдығы, тоңазыту жабдығы, қойма техникасы.	1 тонна	
құрылыс		73 422
кеңейту		36 711
Реттелетін газды ортасы бар жеміс қоймасында мыналар болуы тиіс: реттелетін газды орта, тоңазыту жабдығы, қойма техникасы.	1 тонна	
құрылыс		257 270
кеңейту		128 635
Рефрижератор (жеміс-көкөніс өнімін тасуға арналған тоңазытқыш жабдығы бар автомашина)**	1 бірлік	
жүккөтергіштігі 1,5 тоннадан бастап 5 тоннаға дейін		9 239 000
жүккөтергіштігі 5 тоннадан бастап 10 тоннаға дейін		19 713 000
жүккөтергіштігі 10 тоннадан бастап		27 283 000
жүккөтергіштігі 20 тоннадан бастап: ершіткі тартқыш жартылай тіркемелі-рефрижератор		52 841 071 29 145 000
Автокара (ашалы тиегіш)	1 бірлік	5 091 426
Пластикалық контейнерлер***	1 бірлік	50 000
Гофроыдысты қалыптастыру желісі	1 бірлік	25 200 000
Гофрокартон өндіру желісі****	1 миллион шаршы метр	72 207331
Іріктеп-буып-түю жабдығы*****	сағатына 1 тонна	34 663 530
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады.		
* Жеміс қоймаларын сақтау технологияларын қажет болған жағдайда: реттелетін газ ортасымен, сондай-ақ реттелетін газ ортасынсыз біріктіруге жол беріледі. Есептеу кезінде жалпы қуат ескеріледі.		
** Субсидиялау кезінде субсидиялау күніндегі теңгерімдегі көлік құралдарының саны және жеміс сақтау қуаты есепке алынады. 1000 тонна сақтауға арналған 8 тоңазытқыштан асырмай субсидияланады.		

*** бір контейнердің сыйымдылығы 300 килограмм және одан жоғары. 1 тонна сақтауға арналған 3 бірлік пластик контейнерден асырмай субсидияланады.

**** гофрокартон өндіру желісі (гофроагрегат), гофротаралар өндіру желісі (флексопринтинг, слоттер, ротациялық ойып кесу), ротациялық ойып кесуге арналған штанцевтік қалыптар, бу генераторы, компрессорлар, қойма техникасы (орамды ұстайтын тиегішті қоса алғанда), дайын өнімді байлау жөніндегі жабдық, өндіріс қалдықтарын сығымдау жөніндегі жабдық. Жеміс сақтау қоймалары 10 000 тонна сақтаудан субсидияланады * * * * * сұрыптау-орау жабдығы 800 тонна сақтауға 1 тонна/сағат есебінен субсидияланады. Жабдықтар, контейнерлер және көлік бойынша жеміс сақтау қоймасының ағымдағы көлемін кеңейтуден тыс, бірақ 1 тонна сақтауға арналған ең жоғары нормативтерден асырмай сатып алуға және субсидиялауға болады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлемей жабдықтар мен техниканың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздейтін болса, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жеткізу және жеткізу (немесе) жабдықты монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша жабдықтың құнынан инвестициялық салымдарды өтеу үлесі мен қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін белгіленген ең жоғары жол берілетін құн шегінде субсидиялауға жатады.

№ 24 "Жемістер/көкөністер/бақша дақылдарын өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңг
Шырын және (немесе) жеміс-көкөніс өнімдерінің бір және (немесе) бірнеше түрін өндіруге қажетті жабдықтары бар жаңа піскен жемістер, көкөністер, бақша дақылдарын өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидияларды есептеуге арналған шарттар:		
қуаты сағатына 1 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін кәсіпорын салу кезінде	1 тонна сағатына	188 333 300
қуаты сағатына 1 тоннадан бастап шикізат өңдейтін кәсіпорынды кеңейту кезінде		53 333 300

Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.

№ 25 "Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

--	--	--

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
Картоп өңдеу жөніндегі кәсіпорын картопты, өңделген өнімдердің (картоп чипсілері, фри картобы, жартылай фабрикат) бір және (немесе) бірнеше түрін өндіруге қажетті жабдықтары бар өндірістік кешенді қамтиды. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады: жылына 140 000 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін кәсіпорын салу	бір кәсіпорынға	10 588 666 600

№ 26 "Май-тоңмай өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды салу және (немесе) кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
Майлы дақылдарды өңдеуге және (немесе) май-тоңмай өнімдерін өндіруге қажетті жабдықтары бар кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары:		
қуаты тәулігіне 500 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін кәсіпорын құрылысы кезінде	тәулігіне 1 тонна	8 313 471
*ауыл шаруашылығы кооперативтері қуаты тәулігіне 100 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін кәсіпорынды салған кезінде		9 987 336
қуаты тәулігіне 100 тоннадан басталатын майлы дақылдарды өңдейтін қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту кезінде		3 902 360
өсімдік майын қоспағанда, тағамдық май-тоңмай өнімдерін өндіруге арналған, қуаты тәулігіне 100 тонна шикізат өңдейтін қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту кезінде		18 764 052
Қуаты тәулігіне 3 тоннадан басталатын тағамдық емес май-тоңмай өнімдерін (түйіршіктер) өндіруге арналған		

өсімдіктерден және жануарлардан алынатын майларды өңдеуге қажетті жабдықтары бар кәсіпорын салу	тәулігіне 1 тонна	207 100 416
---	-------------------	-------------

Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

*Осы жобаның паспорты шеңберінде бір ауыл шаруашылығы кооперативінен тек бір өтінім ғана субсидияланады

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа өндіріс қуаттылықтарын құруға арналған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық салымдардың бір бөлігін өтеу алынып тасталады.

Бұл ретте, пайдалануға енгізілген және инвестициялық субсидияларды бірінші траншпен 2026 жылғы қаңтарға дейін алған инвестициялық жобалар бойынша осы Қағидалардың 16-тармағының 2) тармақшасына сәйкес инвестициялық субсидияларды 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін екінші траншпен алуға жол беріледі.

№ 27 "Дәнді дақылдардың өңделген өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту" жобасының паспорты"			
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%			
Р/с №	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаты бірлігіне субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн, теңге
1	Жарма өнімінің және (немесе) құрғақ таңғы астың бір және бірнеше түрлерін өндіруге қажетті жабдықтары бар астық өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары:		
	өңдеу қуаты сағатына 2 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жарма өнімдерін өндіруге арналған кәсіпорын салу кезінде	сағатына 1 тонна	838 241 450
	өңдеу қуаты сағатына 2 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жарма өнімдерін өндіруге арналған жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде		102 818 435
	қуаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын құрғақ таңғы ас өндіру		1 500 000 000

	жөніндегі кәсіпорын салу кезінде	сағатына 1 тонна	
	куаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын құрғақ таңғы ас өндіру жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде		1 200 000 000
2	Бір және (немесе) бірнеше өнім түрлерін өндіруге қажетті жабдығы бар макарон өнімдерін өндіруге арналған астықты/ ұн өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидия есептеу талаптары:		
	өңдеу куаты сағатына 1 тоннадан басталатын шикізат өңдеу кәсіпорнын салу кезінде		600 000 000
	өңдеу куаты сағатына 1 тоннадан басталатын шикізат өңдейтін жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде	сағатына 1 тонна	512 244 000
	куаты сағатына 0,2 тоннадан басталатын глютенсіз макарон өндіретін кәсіпорынды салу кезінде	сағатына 1 тонна	1 212 146 835

Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айкындалады. Егер, инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.

№ 27.1 "Өсімдік шаруашылығы өнімдерін тереңдете өңдеу жөніндегі кәсіпорынды құру және кеңейту" жобасының паспорты

Р/с №	Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуаттылықтарының өлшем бірлігі	Қуаты бірлігіне субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн, теңге
----------	---	-------------------------------------	---

Технологиялық күрделілігі жоғары өнім өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі* – 50% (бұл ретте толық технологиялық циклде жоғары технологиялық күрделіліктегі өнімдерге жатқызылмаған өнімді өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%);

Технологиялық күрделілігі жоғары өнімдерге жатқызылмаған өнімді өндіру үшін инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

1	Тереңдете өңдеу өнімдерінің бір және (немесе) бірнеше түрін өндіруге қажетті жабдығы бар кәсіпорындар. Субсидия есептеу талаптары:		
	қуаттылығы тәулігіне 170 тонна шикізаттан басталатын дәнді дақылдарды тереңдете өңдеу жөніндегі (тауарлық ұн өндіру үшін астық өңдеуді қоспағанда) жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды салу/кеңейту кезінде	тәулігіне 1 тонна	9 000 000
	негізгі дайын өнім бойынша қуаттылығы тәулігіне 7 тоннадан басталатын майлы дақылдарды тереңдете өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды салу/кеңейту кезінде	тәулігіне 1 тонна	563 386 533

Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік жүк декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.

*Субсидиялау келесі технологиялық күрделілігі жоғары өнімдерді өндіру кезінде жүзеге асырылады:

Модификацияланған крахмалдар

Глюкоза және глюкоза шәрбаты

Фруктоза және фруктоза шәрбаты

Мальтоза және мальтоза шәрбаты

Мальтодекстрин*

Ақуызды (протеинды) концентраттар

Соя изоляты

Лимон қышқылы

Лецитин және өсімдік фосфолипидтері

Оттекті функционалдық топты қамтитын амин қосылыстары, лизин және глютамин қышқылынан басқа

Лизин, глютамин қышқылы және тұздары.

Технологиялық күрделілігі жоғары өнімдердің тізбесі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №273 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28242 болып тіркелген) бекітілген Басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды қайта бөлу деңгейін бағалау әдістемесіне сәйкес жасалған.

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 40%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
1. Шикізатты қабылдауға және өңдеуге қажетті жабдығы бар қант қызылшасын өңдеу жөніндегі кәсіпорын. Субсидияны есептеу шарттары:		
өңдеу қуаты тәулігіне 5000 тоннадан басталатын шикізат өңдеу жөніндегі кәсіпорынды салу кезінде	1 тонна тәулігіне	8 750 000
өңдеу қуаты тәулігіне 1600 тоннадан басталатын шикізат өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды кеңейту кезінде		3 615 384
2. Қант қызылшасын қабылдау пункті:		
автомобиль өлшейтін таразы	1 тонна	97 125
шикізат зертханасының жабдығы	1 бірлік	330 000
үйінді тегістеуші машина	тонна/сағ	767 148
белсенді желдету жабдығы	тонна/сағ	83 000
3. Сығынды өңдеу желісі (престеу)	1 тонна тәулігіне	106 783
Сығынды өңдеу желісі (түйіршіктеу)	1 тонна тәулігіне	2 082 753
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, техника мен жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған техника мен жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс.		

№ 29 "Қуаты жылына 2 000 тонна өнімнен басталатын нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдер өндіру жөніндегі кәсіпорынды кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%		
Жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі жобаның қуаты	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
Нан-тоқаш және/немесе кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған желі	Жылына 1 тонна дайын өнім	2 040 000
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг),		

жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.

№ 30 "Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайта отырып жұмыртқалы құс фабрикаларын кеңейту" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

Техниканың, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі жобаның қуаты	Қуат, техника, жабдық бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн теңге
Мекиен-тауықтар қорасы	бір құс қорасының 1 шаршы метріне	57 160
Балапандар қорасы		62 560
Жұмыртқа қоймасы	1 шаршы метрге	80 400
Инфрақұрылым және жобалау-сметалық құжаттама		302 343 584

Жабдық:

Технологиялық жабдық - құс басын толықтырушы балапан төлін ұстауға арналған тор жабдық	құс орны	1 790
Технологиялық жабдық - өнеркәсіптік мекиенді ұстауға арналған тор жабдық	құс орны	2340
Жұмыртқа сұрыптауыш машина 90 000 жұмыртқа/сағат	1 бірлік	352 296 000
Жұмыртқа сұрыптауыш машина 45 000 жұмыртқа/сағат		187 886 250
Құсты сою жабдығы 1 500 бас/сағат		53 020 468
Сойылған құстың саңғырықтарын өңдеу жабдығы		29 568 000
Тоңазытқыш жабдығы		23 988 000

Техника:

Жем тасушы	1 бірлік	21 518 000
Жұмыртқа тасушы - рефрижератор		14 000 000
Трактор		6 855 000
Ашалы тиегіш		11 250 000
Фронтальді тиегіш		8 000 000
Жүк тасығыш		17 273 000

№ 31 "Топырақты талдау жөніндегі агрохимиялық зертханалар үшін жабдық сатып алу" жобасының паспорты

Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%

Р/с №	Техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңге
1	Қажетті жабдықтар: автосамплері бар бөлшектелген ағынды автоматты талдағышпен, жаппай сынама дайындауға арналған жабдықпен, спектрофотометрмен, органикалық көміртекті (гумусты) жаппай талдауға арналған жабдықпен, компрессоры бар жалынды фотометрмен және газға арналған манометрмен, топырақ сынамаларын ұнтақтауға арналған диірменмен, зертханалық аквадистиллятормен, аналитикалық таразылармен, термостатпен, кептіру шкафымен, сору жабдығымен жарақталған топырақты агрохимиялық талдау зертханасы	226 625 446
2	Автосамплері бар индуктивті-байланысқан плазмасы бар атомдық-эмиссиялық спектрометр	37 000 000
3	Автоматты түрде топырақ сынамасын алушы	9 719 000
4	Автоматты түрде зертханалық ыдыс жуғыш машина	7 011 750

№ 32 "Тауық жұмыртқасын өңдеу зауытын құру және кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 40%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуаттылықтың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін барынша рұқсат етілетін құн, теңге
Объектіге қызмет көрсету үшін қажетті техникасы мен жабдықтары бар, технологиялық жабдығы, ғимараттары мен құрылысжайлары, инфрақұрылымы және тіршілік ету жүйелерінің жабдықтары бар жұмыртқа өңдейтін кәсіпорын. Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады:	жұмыртқа тәулігіне	
құрылыс кезінде		5 863
кеңейту кезінде		4 667
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес айқындалады. Егер инвестициялық жоба жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып		

алуды және монтаждауды ғана көздесе, онда сатып алынған жабдық сатып алу-сату шарттары (лизинг), жабдықтарды жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (кедендік декларациясы, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2025 жылғы 13 маусымдағы
№ 198 бұйрығына
3-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік
кешен субъектісі шеккен
шығыстардың бір бөлігін
өтеу бойынша субсидиялау
қағидаларына
13-қосымша

Инвестициялық субсидиялау объектілерін нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы №__ келісім

_____ қаласы	20__ жылғы " __ " _____
--------------	-------------------------

Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын Қазақстан Республикасы _____ облысының

(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

_____ басқармасы атынан _____ № _____

(атауы) негізінде әрекет ететін _____ басшы

(немесе бұйрық негізінде оны алмастыратын адам) бір тараптан және бұдан әрі

"Инвестор" деп аталатын _____ атынан

_____ негізінде әрекет ететін _____ екінші

тараптан, бірлесіп Тараптар, ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей Тарап деп аталатындар, субсидияланған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде төмендегілер туралы осы Инвестициялық субсидиялау объектілерін нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

1-тарау. Келісімнің нысанасы мен мақсаты

1.1 Осымен Инвестор өзіне инвестициялық субсидиялау объектілерін қатаң түрде нысаналы мақсаты бойынша пайдалану және иеліктен шығармау, ауыстыруды жүзеге асырмау, жалға бермеу, сондай-ақ субсидияланған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде мақсатты пайдаланбағаны үшін жауапкершілікте болу міндеттемесін алады.

1.2 Осы Келісім шеңберінде қандай да бір қайшылықтар болған жағдайда, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы үлкен күшке ие болады.

2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Инвестор:

Келісім бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға;

Жұмыс органының сұранымы бойынша осы Келісімді орындаумен байланысты құжаттар мен ақпаратты тез арада беруге;

Жұмыс органына Инвестордың объектісін қарап-тексеру үшін қолжетімділік беруге ;

Қағидалардың 39-тармағына сәйкес ақпарат беруге;

осы Келісімнің шарттары мен іске асырылуы туралы ақпаратты Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге және ашпауға;

Келісімнің 1.1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде инвестициялық субсидиялау объектілерін иеліктен шығармауға, ауыстыруды жүзеге асырмауға, жалға бермеуге міндетті.

2.2. Жұмыс органы:

Инвестордан инвестициялық жоба мен осы Келісімнің іске асырылу барысы туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

3-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі

3.1 Осы Келісім Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл бойы, ал орындалмаған міндеттемелер бөлігінде олар толық орындалғанға дейін қолданыста болады.

4-тарау. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары

4.1 Тараптар еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарынан орындау мүмкін болмаған жағдайда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2 Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты мұндай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте еңсерілмейтін күштің мән-жайларының сипаты, қолданылу кезеңі, туындау фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

4.3 Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

4.4 Еңсерілмейтін күштің мән-жайларының туындауы осы Келісімнің орындалу мерзімінің олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтылуына алып келеді.

4.5 Егер мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан астам жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Келісім бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

5-тарау. Қорытынды ережелер

5.1 Хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен (бар болса) куәландырылса, қолма-қол табысталса, қатысушы Тараптың мекенжайына почтамен (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

5.2 Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Келісімнің шарттарын, оның ішінде осы Келісімнің қолданылу мерзімін кез келген өзгерту, тоқтату Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын қосымша келісімдермен ресімделеді.

5.3 Осы Келісім бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер процесінде шешіледі. Егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар осы Келісім бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

5.4 Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер 20__ жылғы ____ № ____ Инвестициялық субсидиялау шартымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5.5 Осы Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

6-тарау. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары

Инвестор:	Жұмыс органы:
	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі 2025 жылғы 13 маусымдағы № 198 бұйрығына 4-қосымша Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына 14-қосымша

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар қаржы институтының немесе микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы институтының немесе "Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамының арнайы шоттағы инвестициялық субсидияларды пайдаланбауы туралы №__ шарт және келісім

_____ қаласы	20__ жылғы " __ " _____
--------------	-------------------------

Бұдан әрі "Қаржы институты" деп аталатын _____ бір тараптан,
бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын _____ облысының
(республикалық маңызы бар қаланың, астананың) _____
_____ басқармасы (атауы)

мемлекеттік мекемесі атынан мемлекеттік мекеме туралы ереже негізінде әрекет ететін басшысы (немесе бұйрық негізінде оны алмастыратын адам) _____ екінші тараптан, бұдан әрі "Инвестор" деп аталатын _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін _____ үшінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп, ал жеке-жеке Тарап деп аталатындар төмендегілер туралы осы Қаржы институтының арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы шарт пен келісімді (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шартты жасасуға мыналар негіз болып табылады:

1) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары);

3) Инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі жұмыс органының шешімі (20__ жылғы _____ № ____).

2-тарау. Терминдер мен айқындамалар

2.1. Осы шартта Субсидиялау қағидаларында көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

3-тарау. Шарттың нысанасы

3.1. Қаржы институты арнайы шоттағы қаражатты Жұмыс органы Субсидиялау қағидаларында көрсетілген шарттарға сәйкес инвестициялық субсидиялар төлеу туралы шешім қабылдағанға дейін пайдаланбайды.

3.2. Арнайы шотқа инвестициялық субсидиялар алу үшін инвестор Субсидиялау қағидаларында көрсетілген құжаттармен бірге, қаржы институты кредиттік комитетінің оң шешімінің қаржы институты куәландырған көшірмесін, қаржы институтымен жасалынған кредиттік шартты/лизинг шартын қосымша береді.

4-тарау. Инвестициялық субсидияларды аудару тәртібі мен шарттары

4.1. _____ (_____) теңге мөлшеріндегі инвестициялық субсидиялар сомасын Жұмыс органы аванстық төлеммен қаржы институтының арнайы шотына аударады.

Қаржы институтының арнайы шотының деректемелері:

4.2. Барлық операциялар ұлттық валюта – теңгемен жасалады.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Қаржы институты арнайы шотқа қаражат келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кредиттік шартта (Қаржы институты мен Инвестор арасында жасалған) көзделген қаражатты, егер инвестор мен қаржы институты арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жабдық сатушының шотына аударады және Жұмыс органына растайтын құжаттарды береді.

5.2. Қаржы институты Субсидиялау қағидаларында көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, қаржы институты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы арнайы шотқа аванстық төлеммен аударған қаражаттың орнын толық көлемде қайтарады.

5.3. Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылында жасалған төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен Жұмыс органының кассалық шығыстарын қайтару арқылы жүзеге асырылады. Өткен жылдардың төлемдері қайтарылған жағдайда, қайтару сомасы төлемдер жасалған тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

5.4. Арнайы шотқа аударылған қаражатты қаржы институты Жұмыс органының инвесторға инвестициялық субсидиялар беру туралы оң шешімінің негізінде инвестициялық жоба шеңберінде жабдық пен техника сатып алуға пайдаланылған инвестордың кредит/лизинг бойынша негізгі борышын өтеу шотына аударады.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шарт бойынша жауапкершілікте болады.

7-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Осы Шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және Тараптар Субсидиялау қағидаларына сәйкес өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін қолданыста болады.

8-тарау. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары

8.1. Тараптар еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарынан осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған жағдайда, орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Еңсерілмейтін күштің мән-жайлары туындаған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты мұндай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте еңсерілмейтін күштің мән-жайларының сипаты, қолданылу кезеңі, туындау фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

8.3. Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

8.4. Еңсерілмейтін күштің мән-жайларының туындауы олардың әрекет ету кезеңіне осы Шарттың орындалу мерзімінің ұлғайтылуына алып келеді.

8.5. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан астам жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

9-тарау. Дауларды шешу

9.1. Тараптар тікелей келіссөздер процесінде Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсаулары тиіс.

9.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешілуін талап ете алады.

10-тарау. Хат-хабар алмасу

10.1. Осы Шарт шеңберінде Тараптар бір-біріне жөнелтетін кез келген хат-хабар жазбаша нысанда ұсынылады және Тараптар тапсырылғаны туралы белгісі бар хат-хабарды алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қаралады.

10.2. Хат-хабар тиісті түрде рәсімделген жағдайда (хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен (бар болса) куәландырылса, басшының қолы қойылса және тіркеу нөмірі, күні көрсетілсе, тиісті түрде рәсімделген болып саналады), қолға табысталса, почта арқылы жеткізілсе (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе қатысушы Тараптың мекенжайына курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

11-тарау. Құпиялылық

11.1. Осымен Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және осы Шартты жасасу және орындау кезінде

олар алған өзге де ақпарат құпия болып табылатынымен және осы Шартта, Субсидиялау қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайтынымен келіседі.

11.2. Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге де жария етуі осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады.

11.3. Тараптар осы Шарттың талаптар мен құпиялылығын сақтау үшін құқықтық сипаттағы шаралармен қоса барлық қажетті шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

11.4. Қандай да бір Тарап осы Шарттың талаптарын бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген зиянды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей жауапкершілікте болады.

11.5. Инвестор осы Шартқа қол қоя отырып, Жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) бұқаралық ақпарат құралдарында Инвестор туралы мәліметтерді орналастыруына, сондай-ақ, осы Шарт аясында Инвестор туралы алынған кез келген мәліметті (оның ішінде банктік құпияны) Инвестордың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етуіне келісім береді.

12-тарау. Қорытынды ережелер

12.1. Осы Шарттың ережелері өзгертілуі және/немесе толықтырылуы тиіс. Тараптар үшін тек Тараптардың келісімімен жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана жарамды және міндетті болып танылады.

12.2. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 3 (үш) данада жасалды.

Жұмыс органы:	Қаржы институты:	Инвестор:
---------------	------------------	-----------